

**IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 "Алматы қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 257 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қазанда N 1088 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 900 болып тіркелген, 2011 жылғы 11 тамызда «Алматы ақшамы» және 2011 жылғы 18 тамызда «Вечерний Алматы» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережесінде: «Атақ беру тәртібі» деген 2-тарауда: 24-тармақ алынып тасталсын; «Атақтан айыру негіздемелері» деген 3-тарау алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының заң, құқық тәртібі, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А.Моргуновқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары З. Аманжоловаға (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген кезден бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

--	--

V сайланған  
Алматы қаласы мәслихатының  
XXXI сессиясының төрайымы  
V сайланған Алматы қаласы  
мәслихатының хатшысы

Алматы қаласы әкімі  
Е. Әлиқұлов  
Енгізуші :  
Алматы қаласы әкімінің  
З. Аманжолова  
Келісіді :  
Алматы қаласы әкімі аппараты  
А. Қасымова  
орынбасары  
заң бөлімінің басшысы  
аппаратының басшысы